

## ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ШАРАЛАР - ПСИХИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІ ДАМУ ҚҰРАЛЫ

**Магистр Қонысбаева А.С., профессор Көкшеева З.Т.**

*Ш. Есенов ат. Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг  
университеті, (Ақтау, Қазақстан)*

Психология ғылымының зерттеу нәтижелері бұл пәннің барлық салалары мен тармақтарын дамытып отырудың іргетасы болып есептеледі, оны оқып меңгеруде психикалық үрдістер, тұлғалық қасиеттер негізгі 2 бөлімді қамтиды. *Психикалық үрдістер*: түйсік, қабылдау, ойлау мен сөйлеу, қиял, елес және ес. *Тұлғалық қасиеттер*: зейін, сезім, эмоция, ерік, темперамент, мінез және қабілет. Жалпы білім беретін мектептерде психология міндеті пән ретінде оқытылмайтыны белгілі. Алайда оқушылардың дүниетанымын, өзіндік сана-сезімін, психикалық процестерінің қалыпты дамуын қамтамасыз ету үшін оларға психологиялық білімнің қажеттігі туындайды. Негізінен, жалпы білім беретін мектептерде, сыныпта оқу сабағы жақсы ұйымдастырылса, онда тұлға және оның психикалық ерекшеліктері, өзіндік бағыт-бағдары, ұстанымы, өзін-өзі тануы, өзін-өзі реттеуі, өзін-өзі басқаруы сияқты мәселелер жөнінде әңгімеленсе, талданса, әрі балаларды мұғалім осы мәселелер жайында тағы да біле түсуге қызықтыра алса, сыныптан тыс ұйымдастырылатын психологиялық шараларда нәтижелі өтетіндігі белгілі.

Сыныптан тыс ұйымдастырылатын психологиялық шараларда оқушылардың танымдық әрекеттерінің жан-жақты дамуы бірқатар психологтар мен педагогтардың еңбектерінде (С.Л.Выготский, В.В.Давыдов, И.Я.Лернер, В.М.Коротяев, Р.И.Низамов, М.Н.Скаткин, Л.В.Заньков, Т.И.Шаманова, М.И.Махмутов, А.Н.Леонтьев, Н.Б.Менчинская, П.Я.Гальперин, Д.Б.Эльконин, Ю.К. Бабанский тағы басқа) жүйелі талданған.

Сондай-ақ, қызықты психология мәселелерін сыныптан тыс ұйымдастырылатын психологиялық шараларда пайдаланудың тиімділігі мен маңызы зор, оны сайыс сабақтарын ұйымдастыруға болады. Бұл оқушылардың шығармашылық қабілетін, логикалық ойлау жүйесін, өзіндік ой-пікірлерін жүйелеп жеткізуге жетелейтін оқытудың ерекше формасының бірі. Оқушыларға қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың ерекше құпиясын білу, оның ішкі сырларына үңілу, себеп-салдарын ажырату өте қызықты, әрі бұл оңай емес, оның ғажабын ұғындыру ғылыми тұрғыда негізделсе ғана мүмкін болады. Психологияда адам психикасының негізі заңдылықтары мен мазмұнын білу әрқайсысымыздың психологиялық құзырымызды өсіруге, өз мәселемізге сауатты тұрғыда қорғауға, қоршаған ортамен қарым – қатынас жасауға және тұлғаның қалыптасуына жәрдем етуге мүмкіндік береді.

Күнделікті өмірдегі сәтсіздіктер мен уайымдар, дау – дамайлар көбінесе психологиялық сауатсыздықтың салдарынан пайда болады.

С.Л.Рубинштейн «Жалпы психология негіздері» еңбегінде (1940ж) былай деп жазды: «Психология зерттейтін құбылыстардың арнайы шеңбері

анық әрі айқын көрінеді. Бұған біздің өміріміздің ішкі мазмұнын құрайтын және бізге тікелей тән уайымдар сияқты сезімдер, ойлар, ұмтылыстар, тілектер, ниеттер, қабылдаулар және т.б. жатады...».

Дүниені танып – білу түйсіну процесінен басталатынын ескерсек, оқушыларға алдымен танымдық процестер туралы мағлұмат берген жөн. Әлем туралы жан – жақты хабарлар жиынтығы түйсік пен қабылдау деп аталатын ерекше психикалық процестер көмегімен біртіндеп жинақталады. Солар арқылы адам заттар мен құбылыстардың түсін, дәмін, иісін, көлемін, температурасын, ұзындығын, жұмсақтығы және т.б. белгілерін ажыратады. Түйсік пен қабылдау - өзіне ойлау, ес, қиял сияқты күрделі психикалық процестерді енгізетін адамның танымдық іс - әрекетінің негізі. Түйсік заттармен тікелей байланыс тудырады. Мысалы: алманы жегенде ғана оның дәмін сеземіз, түріне қарасақ қызыл, әдемі, тістеген кезде ащы болуы мүмкін. Алманың ең жақсы сорты қалай пайда болды?

Біз апорт, май алма және т.б. түрлерінің дәмін татып көрдік, біздің түйсігіміз жинақталды: мынау алма біреулерге – тәтті, біреулерге – қышқылтым, үшіншілер үшін қышқыл дәм ұнайды. Сонымен бірге алманың барлық түрін ұнататын адамдарда бар. Осындай жинақталған көріністер арқылы біз қоршаған ортаны танып хабардар боламыз. Түйсіктің келесі заңдылығы – бейімділік. Күнде әрқайсымызда қараңғы бөлмеге кіру жиі кездеседі. Алғашында ештеңе көрмейміз, бірнеше минут өткен соң көз үйренеді, біз онда тұратын заттарды ажырата аламыз. Көз қараңғылыққа бейімделеді. Бейімделумен біздің басқа да түйсіктеріміз байланысты. Өзен немесе көлге түскенде судың өте суық екендігін айтамыз. Бірқатар уақыт өткен соң жолдастарымызды суға түсуге шақырып, судың жылы екендігін, бізге суық сияқты көрінгендігін айтамыз. Бірақ бұл олай көрінген жоқ, дене су температурасына бейімделеді. Бұдан шығатын қорытынды: күшті және ерекше ұзақ тітіркенетін әрекетте сезім органдарының сезгіштігі төмендейді, әлсіз әрекетте тітіркену жоғарлайды. Осы тақырыптар талданған соң, оқушылардың естерінде жақсы сақталуын қамтамасыз ету үшін қызықты әрі ғылыми негізделген сұрақтар қатарын топтастырып, олардың өзбеттерінше ой-қорытындысын жасап, өз ой пікірлерін ортаға салу ұсынылады. Мәселен, төмендегідей сұрақтар беруге болады: *Біздің өмірімізде түйсік қандай рөл атқарады? Адам үшін сезім мүшесінің қайсысы ең маңызды? Неге біз жинақталған тосаңдарды көреміз де, бетімізге қонғанын сезінбейміз?*

Сонымен бірге оқушылардың білім деңгейлерін анықтау үшін тест тапсырмаларын да құрастырып, әр тақырыптан соң жүйелі түрде беріп отырса, олардың психологиялық білімдерінің жүйелі қалыптасуына мүмкіндік туады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жарықбаев Қ., Құдиярова А. Жантану пәнін мектептерде оқытудың мәселелері. А-2004
2. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. В 2т. М.: Педагогика, 1989.-485 с
3. Т.А. Лукьянов Оқып үйрен. Алматы «Қазақ университеті» 2010ж
4. Бапаева М.Қ. Жоғары мектепте псих/қ б/б процесін жетілдіру. А-Нұрлы Әлем. 2006